



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Практикадағы теория.
Мириам М. Кларк: Элис Монроның
«Carried Away» туындысындағы оқу
аллегориясы



Алдымен еңбек авторы жайлы айта кетейік, Мириам Кларк докторлық диссертациясын Солтүстік Каролина Университетінде қорғады. Ол АҚШ, Алабама штаты, Аубурн университетінде дәріс береді. Заманауи Америка әдебиеті саласының маманы Мириам Кларк әдебиет теориясы мен XX ғасырдағы Америка мәдениеті пәндерінен сабақ береді. Әдебиеттегі эстетикалық және діни мәселелерді зерттеумен айналысады.

Кіріспе

Мириам Кларктың мақаласы канадалық жазушы, новеллашы, Халықаралық Букер сыйлығының лауреаты, канадалық генерал-губернатордың көркем әдебиет саласындағы сыйлығының үш дүркін лауреаты, Кітап сыншыларының Ұлттық қоғамы сыйлығының лауреаты, О. Генри сыйлығының үш дүркін иегері атанған Элис Монроның шығармашылығына арналады. Ол сонымен қатар, әдебиет саласы бойынша 2013 жылы Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Элис Монроға Нобель сыйлығы «Заманауи әңгіме шебері» деген атаумен берілді. Ол осы сыйлықпен марапатталған алғашқы канадалық жазушы.

Элис Монроның көптеген шығармаларындағы оқиға Канаданың Онтарио провинциясында өтеді. Оның прозасынан аймақтық бағыт анық білінеді. Монроның шығармалары көбінесе «Оңтүстік Онтарио готикасы» деп аталатын танымал жанрға жатады. Монроның туындыларын жиі ұлы новеллашылармен салыстырып жатады. Мысалы, америкалық жазушы Синтия Озик, Монроны «Біздің Чехов» деп атайды.

Чеховтың шығармаларындағы сияқты Монроның туындыларында сюжет қосалқы мағынаға ие. Гаран Халкомб былай дейді: «Барлығы ағартушылықтың эпифаникалық сәтіне негізделген». Монроның әңгімелерінде, әсіресе, алғашқы туындыларының кейіпкерлері – қыздар мен егде жастағы әйелдер. Оның кейіпкерлері күрделі тұлғалар болып келеді. Монроның прозасы өмірдің бір қырлы еместігін көрсетеді. Көптеген сыншылар Монроның әңгімелері романдарға бергісіз дейді.

Негізгі бөлім

Мириам Кларк былай деп жазады: «Элис Монро бойынша өмірге «үстірт және терең» қарым-қатынас жайлы көп айтылды. Өзі «қалпы бойынша автобиографиялық» деп атайтын өмірлік оқиғаларында, Монро Канаданың Оттава Аңғарындағы шағын қалаларда өткен жастық шағынан ұзақ, рекурсивті қозғалыс бастайды. Әр қадамында өткен шақ пен қазіргі шақтың күрделі байланысын көрсетеді. Ол отбасылық қарым-қатынастың өкініштері мен қанағаты, өмірдің жұмбақтығы туралы ойдан шығарылған шағын қалалар ғана емес, Торонто мен Ванкувердегі, олардың бай елді мекендеріндегі әлеуметтік қарым-қатынастар туралы сюжеттер құрайды. Жазушының әдісі реалисткалық дәстүрмен көрініс тапқан».

Өткен он жылдықта Монроның әңгімелеріндегі мәселелік әдістеріне назар аударған тұшымды еңбектер пайда болды. Авторлар олардың мөлдірлігінің иллюзиясын атап көрсетті. Автордың ойы осынау тұрақсыз әлемнің көбінесе қиын, айқын емес, рефлекссті жолымен, өзінің жадының толқынымен қозғалады деп жазды.

Дегенмен «бұл эсседе мен басқа да түртілмеген проблемаларды көрсеткім келеді, – дейді Мириам Кларк, Монроның прозасы қалайша кітаптан кітапқа Мишель Фуконың продуктивті терминдерімен «байланысады», қалайша «алып әлемнің белгілері оның Хаттарының институциясының ішінде пайда болады». «Менің жастық шағымның досы» (1990) және «Полишинель құпиялары» деген (1994) әңгімелері Монроның алғашқы туындылары емес. Дегенмен оның реалистикалық нарративтер және оның Хаттары мен Оқуынан гөрі экстенсивті. Осынау кейінгі әңгімелердегі образдар туындыдан текстке анығырақ ауысады, еске алудан тілдің жарқын бой көтеруіне, оқырмандықтан жазушылыққа ауысады.

Эсседе Мириам Кларк «Сиқырланған» жинағындағы сюжеттерге назар аударады, онда Э. Монроның кейіпкерлерінің кітап оқуы, кітапханалар мен кітаптар тақырыбы басымырақ.



Кітаптардың кең әлемі, кітапхананың әсерлі әрі мазасыз күйі, Монроның шығармашылығында анық әуел бастан бар. Зерттеуші Ильдиго Пап Кэррингтон Монроның әңгімелерінде Гомер, Библия, Шекспир, Томас Гарди мен тағы басқалардың текстерінде аллюзия көп екенін анықтады. Ол бұл сілтемелер әңгімелер шеңберінде, билік проблемасына қатысты деп санайды. Монроның әңгімелері көптеген текстің қиылысында тұр, бұлар – кітаптар, хаттар, даулы шағын өлеңдер мен ең әдемі, сүйікті өлеңдер. Монроның әңгімелеріндегі барлық қалада кітапханалар бар. Жазушының кейіпкерлері кітаптарды, энциклопедияларды және басқа да туындыларды оқиды немесе сатады. Оның әңгімелері негізінен оқырман туралы.

Көбінесе басты кейіпкерлері – жас әйелдер, мысалы, «Lives of Girls and Woman», қазақшасы «Қыздар мен әйелдердің өмірі» туындысындағы кейіпкерлер. «The Beggar Maid» қазақша аудармасы «Кедей қызметші әйел» әңгімесіндегі бас кейіпкер Роуз кітапханада көп кітаптарды оқиды, қыздарға арналған журналдар мен ескі медициналық текстерден Шарлотта Бронте мен Уильям Теннисонның романдарынан болашақпен танысады. Кейінірек, «Mischief» қазақша аудармасы «Алдау» атты басқа әңгімеде Роуз бен оның перзентхана бөлімшесіндегі құрбысы Джоселин, өз айналасындағы өсекқұмар үй шаруасындағы әйелдерден ерекшелену үшін Андре Жид пен Сэнтянуды оқиды.

Олар – феминистке айналған, орта жастағы әйелдер, кітап дүкендеріндегі оқу курстарына жазылады, шаң басқан орыс романдарын және чех, жапон немесе румындардың шағын романдарын оқиды.

Монроның әңгімелеріндегі қалаларда кітаптар – кітапханада, сынып бөлмесінде, шіркеуде негізгі орын алса да, кітап оқу орны аса маңызды емес. Кітап оқу – ересектердің сексуалды құмарлығының аналогы. Ол әдетке айналады. «Кітап оқу – сағыз шайнау секілді әдет, ол ересек өмір басталғанда тоқтайды», – деп жазады Монро.

Бұл әдет, яғни кітап оқу әдеті, «Lives» қазақша баламасы «Өмір» атты әңгімесіндегі кәрі, тұрмысқа шықпаған әйел де бар еді. Сонымен қатар, кітап оқу әдеті кітапханашыларда, мұғалімдерде де болды. Мысалы, «Өмір» әңгімесіндегі суық, әрі дәрекі мисс Фарристе, «Сізге бірнәрсе айтқым келеді» әңгімесіндегі жолы болмайтын жігіт Артур Камерде де болды. Бұл әдет, Роуздың ескі жиһазды жөндейтін және кітап толы сарайы бар әкесінде де болды. Ол кітаптар, өз бетімен білім алу барысында оқитын әйелдерге арналған еді.

Тіпті жас кейіпкерлер үшін кітап оқу – пайдасыз дүние емес. Көп оқу мәдениеттің ішінде немесе сыртында тұру дегенді білдіреді. Мектептегі текстерді оқып, жүрекке жақын қабылдау, Ратуша кітапханасындағы кітаптарды таусыла оқу, Монроның кейіпкерлері үшін қауымдастыққа күрделі қадам жасауды және кейде оппозициялық қарым-қатынасты білдіреді және кітаптар айналадағы осынау сауатсыз, қараңғы әлемнен шығуға жол сілтейді.

«Қонақтарды таза ауада қарсы алу» деген әңгімесінде Кэтрин Мэнсфилд мектепті бітіру үшін оқу бағдарламасындағы туындыларды оқиды. Өгей анасының әдебиет туралы ақылсыз әңгімелері ашуын келтірген Роуз да кітап оқиды.

Әдебиеттер мен кітаптардағы оқиғалар, кейіпкерлердің өмірі мен олардың бастан кешкен оқиғаларына араласады. Кітаптар оларды белгісіз нақтылықпен, Құдаймен байланыстыратын символға айналады. Символикалық образдар секілді кітаптар Монроның кейіпкерлерінің өзіндік, либидиальдық энергияларын, олардың мазасыздығы мен сұрақтарын қамтиды. Монроның әңгімелеріндегі кейіпкерлер оқитын кітаптар болашақты болжау мен түсіндірудің түрлі мүмкіндіктері мен шектеусіз билігін қамтиды. «Өмір» әңгімесіндегі Крысоловтың сөзі жай ғана ертегі емес, есею себебін, оның кейіпкерлерінің сексуалды қуатының артуын, ұл балалар мен қыздардың балалық қарсыластығын, «анархия» мен сексуалды сезімдердің «құпиясын» білдіреді.

Солай бола тұра, Монроның әңгімелерінің біріндегі Браунинг өлеңінің негізіндегі оперетта арқылы ақша мен әлеуметтік теңсіздіктің қараңғы сюжеті, мазасыздану себептері мен теңдіктің бұзылуы дами түседі. Оқырмандар үшін осы және басқа әңгімелер сенімсіздікті қалыптастыратын анархиялық күштің түрін білдіреді. Кейбір алғашқы әңгімелерінде Монро, кітап сыртындағы жазуларға көңіл бөледі, кітап оқу актің тақырыпқа арқау етеді. Кітап оқу – бұл салттық акт, өзінше бір дәстүр секілді. Кітаптар ерекше бедерленген қаптамада сақталады немесе кітапханада жатады.



«Жастық шағымның досы» жинағындағы әңгімелерінде Монро бұған дейінгі әңгімелеріне тән, кейіпкерлер мен қоғамды толығырақ суреттеуді доғарады. Ол өзінің мәтіндеріне басқа авторлардың пікірталасын қосады. Мысалы, Гардидің романдарынан үзінді, ұмытылған хаттар, шағын газеттердің мақалалары. Мириам Кларк бұл әңгімелердегі тұрақсыз, дискурсивті және шексіз регрессивті инфрақұрылымды анықтады. Элис Монро реалисткалық әдістен бас тартады және өз мәтіндерін ішінен деконструкциялайды.

«Meneseteung» әңгімесі – бұл, жазушы мен оқырман туралы әңгіме. Монро XIX ғасырдағы есінен адасқан ақын Альмеда Джойнт Роттың өмірі туралы баяндаудың жүйелік бірізділігінен бас тартады. Әңгімелеуші Альмеда Роттың болашақтағы биографы – нақты құжаттарға да, ойдан шығарылған құжаттарға да, талдау жасайды. Оларға газеттер, өлеңдер кітабы, автобиографиялық алғысөз, фотосуреттер, естелік, қабір үстіндегі тақтай тас жатады. Альмеда Рот соңында және тек мәтін ретінде пайда болады; тарих, әңгімелеуші бұл ақынның өлеңдер кітабын тауып алғанда басталып, қабір үстіндегі шөп өсіп кеткен, атының тек «Меда» деген бөлігі ғана қалған тақтай тасты тазалағанда аяқталады.

Әңгімелеуші бұл әңгімеде XIX ғасырдағы, шегара бойындағы шағын қалашық тұрғындарының тілін қалпына келтіріп, пародиялайды, ол ақынның тіліне, осы тілдің лепірмелі стиліне сүйенеді, оның басылып қалған сексуалды қалауын байқайды. Монро Альмеданың өмірбаяны туралы, оның тұз шығаратын Джемс Пултерге аз уақыттық құштарлығын және одан кейінгі ақымақтығын әңгімелейді. Бұл ақылсыздықты, ол мәтіннің көмегімен, сөйлемдердегі сөздер мен лексиканы бөлу арқылы білдіреді.

«Carried Away» туындысында, Монро кітап оқу саясаты мен реалистикалық Хат әдістерін зерттеуде, археологиялықтан аллегорикалыққа бет бұрады. Оқиғаның күрделі сюжетінің басында шағын түсіндіру пайдалы болуы мүмкін. Оқиға Онтариода, өндірістік капитализмнің шырқау шегінде 1917 мен 1950 жылдардың арасында өрбиді.

«Carried Away» әңгімесінің желісі кезінде саяхаттап жүрген сатушы, ал қазір қалалық кітапханашы Луизаның соғыстағы солдат Джек Агнюдан романтикалық хат алуынан басталады. Джек өзін оқырман ретінде таныстырады. Әңгіме кейіпкері, Луизаны кітапханада жүрген сәтінде бақылап, тәнті болғанын, оны жұмыс орнында тұрған сәтімен елестетінін жазады. «Мен Сізді орындыққа шығып, кітапты алып жатқан сәтіңізде елестетемін», – деп жазады ол «және мен жақындап келіп, бөліңізден ұстап, Сізді жерге түсіремін, Сіз маған бұрыласыз». Луиза Джек есінде болмаса да және оның кескін-келбетін елестете алмаса да, оның хаттарына жауап береді, солдат өтініш жасаған фотосуретін жіберіп, ол майданнан оралар деп күтеді.

Әңгіменің соңында жаралы Джектің қаны жерасты ағымына, әңгіменің энергиясына айналады және оны тоқтату мүмкін болмайды. Революцияның басылған және бейімделген энергиясы жүйелік уақыттағы әңгіменің қайтымсыз алғышартын толық өзгерту үшін, өткенді қайта жазып, қайта оқу үшін оралады. Бұл энергия реалистикалық практиканы да, XX ғасырдағы әңгімелерді оқып, түсіндіруді басқарған әдістерді де талқандайтындай күшті.

Монро «Carried Away» туындысында ұзақ уақыт бойы оның қараңғы жағы мен қажетті шарты болып табылатын цивилизация мен тағылықты қатар салыстырады. Осы тұста ол кітап пен кітап оқудың билік дәлелін дамытады. Ол кітапхананың, кітап оқу әрекетінің табиғатын толық ашады.

Джулия Ривкин бен Майкл Райан былай дейді: «Әдебиеттанудағы постструктурализм мен деконструкция әдісі, ерекшеліктерге емес, әртүрлілікке, ойдың нақтылығы емес, мағынаның көптігіне назар аударады және дискурстың қарапайымдығы емес, күрделілігіне көңіл бөледі. Мириам Кларк Монро туындыларының күрделілігін сипаттайды. Осы әдіс арқылы ол, біздің назарымызды табысқа деген сенімге емес, ұсынылымдардың тұрақсыздығына аударады. Шығармалардағы образ – бізге, өмірдің шындығын көз алдымызға елестетін, бірақ оның көрінісіне еш кепілдік бере алмайтын, шексіз кітаптар жиналған орын – кітапхана болып табылады.